

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелерді алуға құқығы бар әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Жетісу облысы Сарқан ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 340 қаулысы. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2023 жылы 2 қазанда № 64-19 болып тіркелді. Күші жойылды - Жетісу облысы Сарқан ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 6 қарашадағы № 380 қаулысымен

Күші жойылды - Жетісу облысы Сарқан ауданы әкімдігінің 06.11.2025 № 380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 139-бабының 9-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына сәйкес, Сарқан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелерді алуға құқығы бар әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарқан ауданының әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

Сарқан аудандық

мәслихатының төрағасы

Г. Маманбаев

Разбеков М. М.

" " _____ ЖЫЛ

2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 340
қаулысына қосымша

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелерді алуға құқығы бар әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

1. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:

- 1) әлеуметтік қызметкер;
- 2) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант;
- 3) әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман.

2. Мәдениет мамандарының лауазымдары:

- 1) директор;
- 2) библиограф;
- 3) кітапханашы;
- 4) хореограф;
- 5) әдіскер;
- 6) ауыл клубының меңгерушісі;
- 7) мәдени ұйымдастырушы;
- 8) музыкалық жетекші;
- 9) көркемдік жетекші.